

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақыларын және тарифтік ставкаларын кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 4 қарашадағы № 243 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 желтоқсанда № 4332 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 21.01.2016 № 9 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 19.06.2014 № 157 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақыларын және тарифтік ставкаларын кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес анықталсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 19.06.2014 № 157 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Т.К. Бекмағанбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а с у

ауданының әкімі

А. Шәмшиев

КЕЛІСІЛДІ:

_____ С. Қазиев

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 4 қарашадағы

№ 243 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақыларын және тарифтік ставкаларын кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 19.06.2014 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.07.2015 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
 - 1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
 - 3) жұмыспен қамту орталығының маманы.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары:
 - 1) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
 - 2) директор;
 - 3) қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшысының орынбасары;
 - 4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, интернаттың меңгерушісі;
 - 5) дене тәрбиесінің жетекшісі;
 - 6) оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі және қосымша білім берудің басқа да ұйымдары директорының орынбасары;
 - 7) логопед;
 - 8) әлеуметтік педагог;
 - 9) ұйымдастырушы педагог;
 - 10) қосымша білім беру педагогы;

- 11) педагог-психолог;
- 12) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
- 13) музыкалық жетекші;
- 14) аға жетекші;
- 15) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;
- 16) оқу-өндірістік (оқу) шеберхана меңгерушісі;
- 17) зертхана, кабинет меңгерушісі;
- 18) еңбек жөніндегі нұсқаушы;
- 19) аға әдістемеші, әдістемеші;
- 20) өндірістік оқыту шебері;
- 21) аға шебері;
- 22) медициналық бике;
- 23) емдем бикесі;
- 24) хореограф;
- 25) кітапханашы;
- 26) кітапхана меңгерушісі;
- 27) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) директор, басшы;
- 2) бөлімше меңгерушісі;
- 3) директордың орынбасары;
- 4) сектор, бөлім, кітапхана меңгерушісі;
- 5) ұжымның басшысы;
- 6) суретші-ресімдеуші, қоюшы суретші;
- 7) бейне-дыбыс жазбаның, жарық аппаратурасының операторы;
- 8) кітапханашы, библиограф;
- 9) мәдени ұйымдастырушы;
- 10) аккомпаниатор;
- 11) көркем басшысы;
- 12) хореограф;
- 13) әдіскер, аға әдіскер, жетекші әдіскер, нұсқаушы-әдіскер.

4. Спорт мамандарының лауазымдары:

- 1) әдіскер;
- 2) нұсқаушы;
- 3) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 4) мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 5) жаттықтырушы.

5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

1) м а л д ә р і г е р і ;

2) мал фельдшері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК